

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : «Нурлы шын» ЖШС балабақшасы

Топ : «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 20 қараша -24 қараша айы, 2023-2023 оқу жылы

Күнтәртібініңкезеңде рі	Дүйсенбі 20.11.2023ж	Сейсенбі 21.11.2023ж	Сәрсенбі 22.11.2023ж	Бейсенбі 23.11.2023ж	Жұма 24.11.2023ж
Балаларды қабылдау	«Сәлеметсіз бе?» Мақсаты: өз ана тілінде сәлемдесуді әдетке айналдыру. Міндеті: Қазақ тіліне тән дыбыстарды, сөздерді дұрыс айтуға үйрету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Жылуыңмен бөліс» Мақсаты: Жағымды эмоционалды орта құру арқылы, бір-бірімен еркін қарым-қатынасқа түсе алуға ықпал ету. Міндеті: балалардың құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау, жеке сөйлесу. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) Мақсаты: балалардың өз-өзіне деген сенімділіктерін арттыру. Міндеті: балалардың құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. (Қазақ тілі, көркем әдебиет)	«Нейрожаттығулармен» қарсы алу. Мақсаты: қол саусақтарының үйлесімді қимылын дамыту. Міндеті: балалардың құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. (Музыка, дене шынықтыру)	«Хоки-поки» биімен қарсы алу. Мақсаты: балалар арасында көңілді орта орнату, белсенді дене қимылына баулу. Міндеті: балалардың құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. (Музыка, дене шынықтыру)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті	Дидактикалық ойын: «Зат неге ұқсайды?»	Үстел үсті ойыны: «Танграм»	Сюжетті-рөлдік ойын: «Тіс	Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»	Дидактикалық ойын: «Аюдың тісі

(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Мақсаты: белгілі заттардың пішінін дұрыс ажырату. Міндеті:Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету. (Математика негізері, қоршаған ортамен таныстыру)	Мақсаты: Көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Міндеті:Геометриялық пішіндерден қоршаған ортадағы заттарға ұқсас бейнелерді құрастыру. (Математика негізері, қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру)	дәрігерінде»Мақсаты: Тісті күту жолын үйрету. Міндеті: Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.(қоршаған ортамен таныстыру)	Мақсаты: Жаңылпаштарды тез қайталап айтуға үйрету. Міндеті: әдеби шығармады дауыс ырғағы мен мәнерлігін еліктеп, жеткізуге дағдыландыру. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту (Көркем әдебиет, тіл дамыту, қазақ тілі)	ауырды» Мақсаты: Тілдік қорын дамыту. Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. Міндеті:Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту.бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу.. (Қазақ тілі, Көркем әдебиет, тіл дамыту)
Таңертеңгіжаттығу	Таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен еркін жүру. Құстарға ұқсап жүру . Шеңбер бойымен адымдап жүру. Шеңбер бойымен тұру / шеңберге тұрарда себеттен екіден лента алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау «Желкенді тартамыз» Б.қ. н.т. таяқша төменде; 1-2- таяқшаны жоғары көтеру; 3-4- төмен түсіру;				

	«Ескекпен есеміз» Б.қ. –отырып , таяқшаны тізе үстіне қою; Алға еңкейіп, таяқшаны алға созу; Б.қ. «Қайықтан суды төгеміз» Б.қ. н.т. 1-2- алға еңкейіп, таяқшаны еденге жеткізу; 3-4- б.қ. «Жел қайықты қозғайды» Таяқшаны тігінен ұстап, айнала жүру; Шеңбер бойымен жай жүру				
Таңғы ас	Ойын- жаттығу: Нан қоқымын шашпағдар Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастаңдар.. Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, коммуникативтік, танымдық еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбына сай құрал-жабдықтарды дайындау. Біз тәртіпті баламыз, Айтқан тілді аламыз. Аман болсын ата мен анамыз (музыка)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Денешынықтыру Тақырыбы: «Көңілді старт» Міндеті: Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту. ҰІӨ барысы: Жалпы жетілдіруші жаттығу түрлерін	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Дені саудың-жаны сау» Міндеті: Спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. ҰІӨ барысы: Жалпы жетілдіруші жаттығу түрлерін орындау. (Таяқшалар	Музыка Міндеті: маман жоспарына сәйкес.	Дене шынықтыру (Таза ауада) Тақырыбы: «Доптар мектебі» Міндеті: Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу. Шеңберде аңдардың қимылын салу.	Қазақ тілі Тақырыбы: «Сиқырлы әлемге саяхат» Міндеті: Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ұ, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Шаттық шеңберінде амандасу. Психологиялық

	орындау (Доптармен.) Негізгі қимыл жаттығуларын орындау: Ептілік пен шапшаңдықты арттыратын дене жаттығулары. Қимылды ойын: «Допты домалат» Ойын шартымен таныстыру. Мақсаты: Жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрету. Тыныс алу: «Жалаушаны желбірет» Еркін ойындар.	мен) Негізгі қимыл жаттығуларын орындау: Жұптасып орындалатын жаттығулар. Қимылды ойын : «Доп кімде?» Ойын шартымен таныстыру Мақсаты: Физикалық қасиеттерін дамыту. Тыныс алу: «Шарлар» Еркін ойындар		Қимылды ойын : «Тым-тырақай» Ережеге сәйкес ойнайды. Тыныс алу жаттығулары. Еркін ойындары.	жаттығу орындау: Армысың Алтын күн! Аманбысың Жер-Ана! Амансындар ма, достарым! Сендерді көрсем қуанам. Артикуляциялық жаттығулар. Дидактикалық ойын: «Боулинг». Өтілген сөздердің суреттері кегльдерге жапсырылған. Балалар кезекпен ортаға шығып, доппен кегльдерді құлатады. Әр құлатқан кегль үшін бір балл, ал құлаған кегльге жапсырылған әріптерді қазақша атаса, екі балл беріледі. «Өзендерден өту» Еден үстіне көк мата төсеп, балаларға оны өзен деп айтамыз. Ал ол өзеннен тек
--	---	--	--	---	---

					тастарды басып қана арғы бетке өтуге болады. Өзеннің үстіне тастарды (яғни, жаттатып жатқан әріптерді) тастаймыз, ортаға бір баладан шақырамыз. Сонан соң оларға едендегі әріптерді айтып отырамыз. Бала айтылған әріптерді басып арғы бетке өтеді. Тыныс алу жаттығулары. Еркін ойындары.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл-белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет етуде ғдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Серуен №11 Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.	Серуен №12 Тұманды бақылау. Мақсаты: Күздегі тұманды бақылау, тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. Еңбек: Ағаштардың түптерін қопсыту.	Серуен №13 Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. Еңбек: Ағаш бұтақтарын жинау.	Серуен №14 Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы, жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау	Серуен №15 Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге де әсер ететіндігін

Қ/О: «Таяқшадан аттап өт» Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу. (Дене шынықтыру) Еңбек: Гүл шоғы. Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: «Бағдаршам» Мақсаты: Бағдаршаммен таныстыру. Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам» Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал «тілін» Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай.	Мақсаты: Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп –баптауға тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: Мақал-мәтел. Таза болса- табиғат, Аман болар –адамзат. Мақсаты: Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. (Көркем әдебиет) Қимылдық ойын: «Шымшық доп» (Дене шынықтыру) Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру: 1.Жарысу. 2.Төбешікке секіру. (Дене шынықтыру)	Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: «Менің Отаным» өлеңін жаттату. Отан –менің ата-анам, Отан-досым , бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. Мақсаты: Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру. (Көркем әдебиет) Ойын: «Қояндар секіреді». Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету. Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. (Дене шынықтыру) Еркін ойындар.	бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс –жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: «Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер». Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. (Көркем әдебиет) Қимылдық ойын:	түсіндіру. Еңбек: «Біздің ойын алаңы» Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс : Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету. (Көркем әдебиет) Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек».
---	--	---	---	---

	(Көркем әдебиет) К/О: «Үрпек төбет» Мақсаты: Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу. (Дене шынықтыру) Балалардың өз бетімен ойнауы: «Төбешіктен-төбешікке секір» (Дене шынықтыру)			«Допты қуып жет». Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. (Дене шынықтыру) Қимылдық ойын: «Кім тезірек?» Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. (Дене шынықтыру)	Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. (Дене шынықтыру) Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: «Қуаласпақ» (Дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарғатұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетіне аяқ киімдерін өзбетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жекесүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықтан тік отыру. Астыңдәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпа мен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет; Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру); Музыка – шығармашылық әрекет (музыка тыңдау); Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық, еңбек (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу);				
Біртіндеп ұйқыдан ояту. Сауықтыру шаралары	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет; Музыка – шығармашылық әрекет (балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту); Дене шынықтыру - қимыл белсенділігі (орындарында отырып, дене жаттығуларын, тыныс алу жаттығуларын орындау); Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер (реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру);				

Бесін ас	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету (бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану) Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер (тамақтану)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Киімдер» Мақсаты: пазлдарды дұрыс құрастыру. Міндеті: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (құрастыру) «Көкөністер мен жемістер» ойыны. «Тәтті жеміс» Міндеті: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. Өз қалауы бойынша бейнелеу түрін таңдау. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	«Хайуанаттар бағы» үстел ойыны Дидактикалық ойын: «Ғажайып себет» Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Міндеті: Көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды мүсіндеуге үйрету. Өз қалауы бойынша бейнелеу түрін таңдау. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Боямақты бояу.	«Көңілді пішіндер» Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Міндеті: ойдан заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) «Конструктор» құрылыс ойыны Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (құрастыру) Боямақтар бояу	«Дүкен» ойыны Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Міндеті: кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Дидактикалық ойын: «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру)	«Сиқырлы қалта» ойыны Мақсаты: Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету. Міндеті: Командада жұмыс істей білуге дағдыландыру. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру) «Ерекше туынды» Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Міндеті: ойдан заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)

Баламен жеке жұмыс	Сафияға суреттегі жануарлардың атын атай алуға, тануға үйрету.	Арыстанға шағын әңгімелерді мұқият тыңдай білуге үйрету.	Рафхатова К.Өсімдіктер мен жаннуарларға қамқорлық жасауға баулу.	Томириске дайын сұлбаны тиянақты аяқтай білуге үйрету.	Русланқызы К. 2-3 сөзден тұратын тіркестерді қолданып, сөйлем құрауға үйрету.
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Серуен №11 Күнді бақылау.	Серуен № 12 Тұманды бақылау.	Серуен № 13 Шықты бақылау.	Серуен № 14 Өткінші жаңбырды бақылау.	Серуен № 15 Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.
Балалардыңүйгеқайтуы	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау.	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгіме.	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Ауа райына байланысты баланың киімі туралыәңгіме.	Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме.